

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	045
Жинақтағы беттері	203-207
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 336.6
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсіптері-экономикалық өсу мен дамудың драйверлері // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Мұратова Зәмзәгүл Нұргелдіқызы
Мәртебесі	Магистрант
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., доцент - Кажмухаметова А.А.
Мақала атауы	АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЕСЕБІН ДАЙЫНДАУ МЕН ҰСЫНУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін мемлекет тарапынан жалақы мен зейнетақыны инфляция деңгейіне сәйкес индексациялау, әлеуметтік төлемдерді арттыру сияқты қолдау шаралары күшейтілуі қажет.

Экономикалық тұрақтылықты сақтау үшін экспорттық кірістерді әртараптандыру маңызды рөл атқарады. Қазақстан мұнай мен газдан басқа да салаларды дамыту арқылы сыртқы нарыққа тәуелділігін азайтып, экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар, салықтық және фискалдық реформалар жүргізу арқылы мемлекеттік бюджетті тиімді пайдаланып, кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған шаралар қолға алынуы керек. Ұлттық валютаның тұрақтылығын сақтау мақсатында Ұлттық Банк нарықтық интервенцияларды тиімді қолданып, валюталық тұрақсыздықтың алдын алуға бағытталған нақты жоспар құруы қажет.

Жалпы, инфляция мен ұлттық валютаның құнсыздануы – Қазақстан экономикасының дамуына кері әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Бұл құбылыстар халықтың өмір сүру деңгейіне, кәсіпкерлікке, инвестициялық климатқа айтарлықтай ықпал етеді. Сондықтан мемлекет кешенді экономикалық реформалар жүргізіп, тұрақты даму стратегиясын әзірлеуі қажет. Экономиканы әртараптандыру, инфляцияны бақылау, қаржылық сауаттылықты арттыру және теңгенің тұрақтылығын сақтау – елдің болашақтағы экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты бағыттар. Егер осы шаралар тиімді жүзеге асырылса, Қазақстан жаһандық экономикалық өзгерістерге бейімделіп, ұзақ мерзімді тұрақтылық пен өсімді қамтамасыз ете алады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Юнусов М.Б., Ағабеков А.Ю., Туралина С.М. "Ақша, несие, банк". Алматы 2021.182-б., 38-39 б..
2. Лаврушин О.И. Деньги, кредит, банки. М., 2002. 281-б.
3. Байжолова Р.Ә., Сембиева Л.М. Қаржы. Алматы, 2017, 504-б.
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ресми сайты - <https://www.nationalbank.kz/kz>

ӘОЖ 336.6

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЕСЕБІН ДАЙЫНДАУ МЕН ҰСЫНУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Мұратова Зәмзәгүл Нүргелдіқызы

7М04113 Есеп және аудит ББ 2 курс магистранты

«Туран-Астана» университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

zmzm_01@mail.ru

Ғылыми жетекшісі, э.ғ.к., доцент - Кажмухаметова А.А.

Қазіргі уақытта өзінің қаржылық есептілігін ҚЕХС талаптарына сай дайындайтын көптеген компаниялар ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындауда кедергілерге кездеседі. Оның басты себебі – ҚЕХС компанияларға ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындауда ақпаратты ашу мен ұсынуда, есепті дайындау әдісін таңдауда салыстырмалы түрде еркіндік беруімен байланысты.

7 ҚЕХС ақша қаражаттарының баламаларына, пайыздар мен дивидендтерді есепте көрсетуге, есепті дайындау әдісіне қатысты бірегей талап қоймайды. Мысалы, төленген және алынған дивидендтер операциялық қызметке де, қаржылық не инвестициялық қызметке де жатқызылуы мүмкін. Мысалы, шикізаттар сатып алуға алынған несие бойынша төленген пайыздар операциялық қызметке де, негізгі қарыз сомасымен бірге қаржылық қызметке де қатысты бола алады. Ол кәсіпорынның жеке қажеттілігі мен нақты іс-әрекеттің мазмұнымен

байланысты. Әр кәсіпорын өз қызметіне қарай оны өзі анықтайды, бірақ болашақта салыстырмалылықты қамтамасыз ету үшін кәсіпорын есеп әдісін, ақша қозғалысын қай қызмет түріне жатқызатынын нақты белгілеп алуы тиіс (1 кесте).

Кесте 1 - Пайыздар мен дивидендтерді жіктеудің мүмкін нұсқалары

Ақша қозғалысы	Ақша қозғалысы қатысты қызмет түрі
1	2
Төленген пайыздар	Операциялық, қаржылық
Алынған пайыздар	Операциялық, қаржылық
Төленген дивидендтер	Операциялық, қаржылық
Алынған дивидендтер	Операциялық, қаржылық
Ескерту – зерттеулер негізінде автормен дайындалған	

Сол себепті ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындамас бұрын ақша ағынының түрлеріне қатысты нақты бағытты айқындап алу қажет, оған қоса ақша баламаларына не жататынын олардың өтімділігі мен тәуекеліне қарай отырып есеп саясатында бекітіп алуы тиіс. Ол үшін "1С:Бухгалтерия 8" бағдарламасында «Ақша қаражаттарының қозғалысының баптары» анықтамалығына түзетулер енгізу жеткілікті.

ҚЕХС сәйкес ақша қаражаттарының қозғалысының есебінің қатаң белгіленген нұсқасы жоқ, 7 ҚЕХС есепті дайындаудың жалпы қағидаларын ұсынады. Операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының қозғалысының есебі тікелей немесе жанама әдіспен дайындалуы мүмкін. Инвестициялық және қаржылық қызметке қатысты тек тікелей әдісті қолдану қарастырылған. Тікелей әдіс ақша қаражаттарының қозғалысының есебінің көрсеткіштерін түсіну мен компанияның қаржылық жағдайын талдау тұрғысынан ақпаратқа бай. Бірақ ақша қаражаттарының қозғалысының есебін тікелей әдіспен дайындау үшін ақша қаражаттарын неғұрлым бөлшектеп жіктеу қажет, бұл әдістің еңбек сыйымдылығы да жоғары. Бұл әдіс қаржылық есептілікті автоматты түрде дайындау жоғары деңгейде қолайлы [1].

Ақша қаражаттарының қозғалысының есебін тікелей әдіспен дайындаудың айтылып өткен артықшылықтарымен қатар, кемшілігі мен негізі мәселесі – өңделуі тиісті ақпараттың шамадан тыс көп болуы, бірақ ол есеп үрдісінің автоматтандырылуы жағдайында оңай шешіледі. Келесі кемшілігі – ақша қаражаттарының қозғалысының есебі жүргізілетін шоттардағы өзара есеп айырысулар бойынша айналымдарды есепке алмаумен (мысалы: касса мен банк), шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында топқа енетін компаниялар арасындағы ішкі айналысты шегеру қажеттілігімен байланысты.

Ақша қаражаттарының қозғалысының есебін жанама әдіспен дайындаудың басты артықшылығы – ол пайда мен зияндар туралы есептің әрбір көрсеткіші ақшамен қаншалықты қамтамасыз етілгенін талдауға мүмкіндік береді. Жанама әдістің көмегімен тек операциялық қызметтің ақша қозғалысы жасала алады. Инвестициялық және қаржылық қызмет түрлері бойынша ақша қаражаттарының қозғалысы тек тікелей әдіспен ғана дайындалады.

Бірақ жанама әдіспен дайындалған есептің көрнекілігі төмен, ақша қаражаттарының қозғалысын бақылау да қиын. Сол себепті ақша қозғалысын қатаң бақылап, жоспарлайтын ірі компаниялар ақша қаражаттарының қозғалысы туралы 2 есеп дайындайды: біріншісі – тікелей әдіспен, екіншісі – жанама әдіспен. Бұл жағдайда бір есептің мәліметтері екіншісінің мәліметтерімен салыстыру, тексеру үшін қолданылады. Мұндай бағыт компания менеджменті мен ақпаратты пайдаланушыларды шешім қабылдау үшін қажетті барлық ақпаратпен қамтамасыз етеді, бірақ еңбек шығындары да мол [2].

Бұл әдістің басты кемшілігі – есепті дайындау үшін қаржылық есептіліктің басқа нысандарының, атап айтқанда бухгалтерлік баланстың, пайда мен зияндар туралы есептің мәліметтерінің қажет болуы. Ал, қалыптасқан тәжірибеде қаржылық есептілін нысандарының толық, тексерілген нұсқасы 1-тоқсанның соңына қарай (31 наурыз) дайын болатынын

ескерсек, ақша қаражаттарының қозғалысының есебін жанама әдісті қолдана отырып жылдам дайындау мүмкін болмайды. Сонымен бірге, есепті дайындау үшін ақшалай емес сипаттағы, айналыс капиталындағы өзгерістер туралы ақпарат жинақтау қажет. Мұндай ақпарат кәсіпорынның қаржылық есептілігінде көрініс таппайды, шоттар бойынша айналыс сомасы керек.

Осындай өзгешеліктерге байланысты тікелей және жанама әдістермен есептелген таза ақша ағымы келесідей себептерге байланысты өзара сәйкес келмеуі мүмкін:

– жанама әдісте есепті жылғы пайда операциялық қызметтің ағымы ретінде танылады. Бірақ есепті жылғы пайданың бір бөлігі инвестициялық қызметтен (активтерді сату, дивиденд) қалыптасуы мүмкін;

– жанама салықтардың әсері. Тікелей әдісте кірістер мен шығыстар құрамында жанама салықтар отыр, ал жанама әдісте олардың нетто шамасы алынады;

– дебиторлық және кредиторлық берешектердің әсері. Ақша қаражаттарының ағымын жанама әдіспен есептеу барысында кредиторлық және дебиторлық берешектер операциялық қызметке жатқызылады, бірақ олардың инвестициялық қызметке де қатысы болуы мүмкін;

– ақшалай емес есеп айырысулар. Тікелей әдісте ақшалай емес есеп айырысулар мүлдем ескерілмейді, ал жанама әдісте оларға бақылау жасалады [3.].

Осылайша, ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындау технологиясымен байланысты мәселелерді, оларды шешу жолдарын шартты түрде келесідей топтастыруға болады:

1. Есепті дайындау әдісімен байланысты мәселелер.

Ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындаудың тікелей әдісіне тән мәселелер жанама әдісті қолдану жолымен шешілуі мүмкін, дегенмен жанама әдісті қолданудың да өзіндік кемшіліктері жеткілікті, оны қолданудан жаңа мәселелер туындауы да мүмкін. Сол себепті ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындаудың тиімдірек әдісі болып тікелей әдіс саналады, осы әдіске тән кемшіліктерді есепті автоматтандыру деңгейін жоғарылату мен ақша қаражаттары қозғалысының бірегей жіктеуішін дайындау мен тәжірибеге ендіру арқылы жүзеге асыруға болады.

2. ҚЕХС сәйкес дайындалатын ақша қаражаттарының қозғалысының есебінің икемділігімен байланысты туындайтын мәселелер.

Қазақстандық тәжірибеде аталған есептің нысаны (түрі, баптар) қатаң белгіленген, барлық компаниялар оны ұстануға тырысады. ҚЕХС сәйкес, керісінше, есептің құрылымы мен баптарын компанияның өзі анықтайды, бекітілген типтік нысан түрі жоқ. Сол себепті есепті дайындау мен ұсынуда оның мақсатын, шешім қабылдаушы тұлға (компания менеджменті, инвесторлар, серіктестер) үшін ақпараттың құндылығы мен пайдалылығын ескеру керек.

Жоғарыда аталып өткен жағдайларды жинақтай келе, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті дайындаудағы негізгі мәселелер мен оларды шешу жолдарын 20-кестедегідей топтастыруға болады (2 кесте).

Кесте 2 - Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті дайындаудағы негізгі мәселелер мен оларды шешу бағыттары

Мәселенің сипаты мен мәні	Мәселені шешу бағыттары
1	2
Ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындау әдістерімен байланысты мәселелер	
Тікелей әдіс	
Ақшалай операциялар бойынша мәліметтердің үлкен массивін өңдеу қажеттілігі	Есепті автоматтандыру, ақша қаражаттарының қозғалысының жіктеуішін дайындау не есепті жанама әдіспен дайындау
Ішкі ақша ағымын есепке алмау қажеттілігі	
Ақшалай шоттар арасындағы айналымды есепке алмау қажеттілігі	

Жанама әдіс	
Есепті кезеңнің аяқталуын күту қажеттілігі	Қаржылық есептілікті дайындау мерзімін нақты бекіту, ақша қаражаттарының қозғалысының есебін дайындау үшін қажетті ақпаратты жинау нысандарын дайындау
Қосымша ақпарат алу үшін жекелеген шоттардың айналымын талдаудың қажеттілігі	
Ақша қаражаттарының қозғалысының есебін ХҚЕС талаптарына сәйкес дайындаудың икемділігімен байланысты мәселелер	
Кейбір ақша ағындарын жалпылама көрсету (кірістер мен шығыстың айырмасын ғана көрсету) мүмкіндігімен байланысты мәселелер	Мәліметтердің сәйкестігі қағидасын ұстану, ақша қаражаттарының қозғалысы есебін ұсынудың мақсаты мен оны талдаудың пайдалылығын нақты түсіну
Есепте көрсетілуі тиісті баптардың құрылымын өз бетінше анықтау қажеттілігі	
Есепті дайындау мен ұсынуға кететін еңбек шығындары мен есептің қаржылық талдау барысындағы құндылығы арасындағы сәйкестікті ұстану	
Ескерту – [1], [4] ақпарат көзі негізінде дайындалған.	

Жанама әдіс бойынша ақша ағымының кірісі баланс пассивінің баптарының өсуімен және актив баптарының кемуімен; ал шығысы актив баптарының өсуімен және пассив баптарының кемуімен байланысты.

Ақша ағымының негізін есепті кезеңдегі пайда мен амортизация құрайды. Жалпы алғанда операциялық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысын жанама әдіспен анықтауды келесі теңдікпен жазуға болады [5]:

$$TAA = TP + AA - (\Delta A + AA) + (\Delta P - TP), \quad (1)$$

мұндағы: TAA – операциялық қызметтен таза ақша ағымы; TP - таза пайда; AA – амортизациялық аударымдар; ΔA – ақшалай емес сипаттағы актив баптарының өзгеруі; ΔP – ақшалай емес сипаттағы пассив баптарының өзгеруі. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті құру кезінде жанама әдістің қолданылуын «Jas Education» ЖШС мысалында қарастырсақ.

Бұл әдіс бойынша есепті құру қаржылық нәтиже туралы есептегі таза пайда негізге алынады. Таза табысты түзету үшін есепті кезең мен өткен кезеңді салыстыру негізінде анықталған сома қолданылады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті құру үшін 3 кестені қолдануға болады.

Кесте 3 - Жанама әдіс арқылы таза табысты түзету

Таза табысты түзететін операциялар	Түзету жүргізу
1	2
Негізгі өндірістік қорларға амортизация есептеу.	Есептелген амортизация сомасы таза табыс сомасына қосылады. Себебі, ақша қаражатының шығысы болған жоқ.

Ағымдағы активтер сомасының өзгерісі: – қорлар, дебиторлық берешек; – болашақ кезең шығындары; – басқа ағымдағы активтер.	Ағымдағы активтердің артуы ақша қаражатының ағымын кемітеді, есепті кезеңде ақша қаражатының шығысы болып табылады, керісінше, ағымдағы активтердің кемуі, ақша қаражатының ағымын арттырады, есепті кезеңде ақша қаражатының кірісі болып табылады.
Ағымдағы міндеттемелер сомасының өзгерісі (қысқа мерзімді банктік несиеден, салықтық төлемдердің кредиторлық берешегінен және тағы басқа ағымдағы міндеттемелерден басқа).	Ағымдағы міндеттемелер сомасының артуы, ақша ағынының артуына, яғни, ақша қаражатының түсімін білдіреді. Ал ағымдағы міндеттемелердің кемуі, ақша қаражатының ағымын кемітеді, яғни ақша қаражатының шығысын білдіреді.
Ескерту – [2], [6] ақпарат көзі негізінде дайындалған	

«Jas Education» ЖШС-де ақша қаражаттарының қозғалысын дайындауда басқару мақсатында тікелей әдіспен қатар жанама әдісті қолдану үшін ақша қаражаттарының операциялық қызмет бойынша қозғалысының есебі 4 кестеде келтірілген.

Кесте 4 - «Jas Education» ЖШС жанама әдіспен жасалған ақша қаражаттарының қозғалысының есебі, 2024 ж

Операциялық қызмет көрсеткіштері	Сомасы, мың теңге
Операциялық пайда	50377
Ақшалай емес баптарға түзету	
Есептелген амортизация (+)	67376
Алынған пайыздар (-)	-3924
Қорлардың өсуі (-), кемуі (+)	6961
Дебиторлық берешектің өсуі (+), кемуі (-)	-1332
Кредиторлық берешектің өсуі (+), кемуі (-)	32323
Төленген пайыздар (-)	-2689
Төленген табыс салығы (-)	-10322
Операциялық қызметтің таза ақша ағымы	138770
Ескерту – «Jas Education» ЖШС қаржылық есептілігі негізінде авторлармен есептелген	

4-кесте мәліметтері бойынша кәсіпорында операциялық қызметтің таза ақша ағымы

138770 мың теңгені құрайды. Оның негізгі бөлігін амортизация (67 млн. теңге); операциялық пайда (50 млн. теңге) және кредиторлық берешектің өсуі (32 млн. теңге) құрайды. Кәсіпорын үшін ең ұтымдысы ақша ағымының пайда есебінен қалыптасуы, себебі амортизация ақша ағымы ретінде кәсіпорында қалғанымен, ол ағымдық тұтынуға емес негізгі құралдарды жаңартуға жұмсалуы керек, ол негізгі құралдардың ұдайы өндірісінің көзі.

Ақша қаражаттарының қозғалысын дайындауда басқару мақсатында тікелей әдіспен қатар жанама әдісті қолдану келесідей талдамалық мүмкіндік береді:

– ақша ағымын талдаудың жанама әдісі таза ақша ағымына шаруашылық қызметінің нәтижесіне түрлі факторларының әсерін анықтауға мүмкіндік береді, ол арқылы қандай қызмет түрлерінің шаруашылық нәтижесіне елеулі ықпал еткенін анықтауға болады;

– бұл әдіс кәсіпорын дамуының теріс тенденциясын уақытында анықтап, тиісті